

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Қаржы және несие**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Қаржының мәні туындайды:

- A) ақша эмиссиясынан
- B) тауар-өндірісінің негіздерінен
- C) экономикалық заңдардың іс-әрекетінен
- D) ақша нысанындағы құн қозғалысынан
- E) қаржы жүйесін ұйымдастырудан

2. Қаржылар бөлгіштік тұжырымдамасы бойынша екі негізгі қызмет атқарады:

- A) бөлу және реттеу
- B) бөлу және бақылау
- C) реттеу және бақылау
- D) жинақтау және қайта бөлу
- E) қайта бөлу мен реттеу

3. Орталықтандырылған қаржыларға жатады:

- A) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар
- B) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие
- C) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие, кәсіпорын мен ұйымдар қаржылары
- D) мемлекеттік бюджет, мемлекеттік несие, тұрғындар қаржылары
- E) мемлекеттік бюджет, тұрғындар қаржылар

4. Қаржы мына категориялармен өзара байланыста болады

- A) баға, несие
- B) несие, еңбекақы
- C) баға, сақтандыру, еңбекақы
- D) сақтандыру, несие, баға
- E) баға, несие, еңбекақы, сақтандыру

5. ҚР қаржы жүйесі буындарының саны:

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5

6. Болжаулық дәрежесіне қарай жіктелетін инфляция түрі

- A) Импортталған
- B) Теңдестірілген
- C) Экспортталынған
- D) Теңдестірілмеген
- E) Күтілген

7. Чектердің келесідей түрлері бар:

- A) жай және күрделі
- B) қымбат және арзан
- C) атаулы және ордерлі
- D) жай және артықшылығы бар
- E) атаулы, ордерлі, мәлімдеуші, есеп айырысу, келісілген

8. Қазақстан Даму Банкі \_\_\_\_\_ жылы құрылды

- A) 1991
- B) 1998
- C) 2005
- D) 2001
- E) 2010

9. Отандық экономиканың өсуіне және қоғамның өндіріс тиімділігін көтеруге бағытталған инвестициялық қызметті белсендендіру \_\_\_\_\_ негізгі мақсаты

- A) Инновациялық саясаттың
- B) Ақша-несиелік саясаттың
- C) Валюталық саясаттың
- D) Инвестициялық саясаттың
- E) Баға саясатының

10. Белгілі бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өмір сүретін қаржы қатынастары мен қаржы мекемелерінің жиынтығы.

- A) Қаржы құқығы
- B) Қаржы механизмі
- C) Қаржылық бақылау
- D) Қаржы жүйесі
- E) Қаржы саясаты

11. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган және ішкі бақылау службалары жүзеге асыратын мемлекеттік қаржылық бақылау

- A) Тақырыптық бақылау
- B) Аудиторлық бақылау
- C) Кешенді бақылау
- D) Камералды бақылау
- E) Ішкі бақылау

12. Мультипликатордың тұжырымдамасы жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) ауқымын екі әдіспен анықтаудан барып шығады:

- A) кірістер бойынша
- B) төлемдер мен алымдар бойынша
- C) төлемдер мен шығыстар бойынша
- D) кірістер мен алымдар бойынша
- E) кірістер және шығыстар бойынша

13. Инфляциялық процесстің сипатына қарай инфляция түрлері:

- A) орташа, баяу, тез
- B) баяу, лезде, ұшқыр
- C) баяу, орташа, ұшқыр
- D) локальдық, дүниежүзілік
- E) ашық, жабық, инфляциялық шошыну

14. Экспортты қолдау құралы ретінде өнімді сатуды қаржыландыру мақсатында сатып алушыға немесе оның банкіне берген несие

- A) Инновациялық
- B) Факторингтік
- C) Ломбардтық
- D) Экспорттық
- E) Форфейтингтік

15. Банктің сеніміне кірген, төлем қабілеті жоғары клиенттерге берілетін несие

- A) Маусымдық несие
- B) Сенім несиесі
- C) Тұтыну несиесі
- D) Ломбардтық несие
- E) Ипотекалық несие

16. Корпоративті табыс салығын төлейді

- A) Жеке тұлғалар
- B) Жеке кәсіпкерлер
- C) Заңды тұлғалар
- D) Мемлекеттік мекемелер
- E) Арнаулы салық режимін пайдаланушылар

17. Мемлекеттік уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін және (немесе) құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлем

- A) Кеден бажы
- B) Консулдық алым
- C) Аукциондық алым
- D) Төлемдер
- E) Мемлекеттік баж

18. Салық салу объектісінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамаларын білдіретін, оның негізінде салықтың сомасы айқындалады

- A) Салық ставкасы
- B) Салық декларациясы
- C) Салық кезеңі
- D) Салық базасы
- E) Салық субъектісі

19. Заңды тұлғалардың көлік салығын төлеуді салық кезеңінің \_\_\_\_\_ кешіктірмей төлеуі тиіс

- A) 5 тамыздан
- B) 5 желтоқсаннан
- C) 31 желтоқсаннан
- D) 5 шілдеден
- E) 30 қаңтардан

20. Қозғалтқыш көлемі 4000 текше см-ден жоғары жеңіл автокөліктер үшін салық мөлшерлемесі

- A) 100 АЕК
- B) 105 АЕК
- C) 127 АЕК
- D) 117 АЕК
- E) 150 АЕК

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Ұйым экономикасы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Коммерциялық ұйымдарға жатпайды
  - A) акционерлік қоғам
  - B) қоғамдық бірлестіктер
  - C) шаруашылық серіктестер
  - D) өндірістік кооперативтер
  - E) мемлекеттік және муниципалды унитарлық кәсіпорындар
  
2. Кәсіпорынның мүліктік жауапкершілігі білдіреді
  - A) келісім мен өзіндік жауапкершілікті
  - B) ынталылық пен өзіндік жауапкершілікті
  - C) келісім мен операцияларды өздік атқара алуды
  - D) белгілі мақсатты қолдануда жеке мүлікті қолдану
  - E) өз мүліктеріне әр түрлі мөлшерде белгілі жауапкершілікке иелікті
  
3. Бәсеке- бұл
  - A) бақылау құралы
  - B) бағаның төмендеуі
  - C) өндірістің кеңейтілуімен өнім бағасының түсуі
  - D) нарықта бірдей тауарлар өндірушілердің экономикалық жарысы
  - E) нарықта бірдей емес тауарлар өндірушілердің экономикалық жарысы
  
4. Банкроттық жүйенің құрамдық бөлігі
  - A) делдалдық қызмет
  - B) маркетинг қызметі
  - C) шикізатты сатып алу
  - D) жұмысшылардың біліктілігі
  - E) кәсіпорынның қаржылық жағдайын болжау
  
5. Нарықтық экономикадағы кәсіпкердің мақсатына жатпайды
  - A) пайда табу
  - B) нарықты жаулау
  - C) экономикалық бақылау
  - D) жоғары сапалы өнім жасау
  - E) бағасы жоғары сапалы өнім жасау

6. Өндіріс шығындары мен өнім сату, кәсіпорынның экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының өндірістік бағдарламасы мен басқа тауарларын жоспарлау әдісі аталады

- A) баланстық
- B) қаржылық
- C) нормативтік
- D) бағдарламалық мақсатты
- E) технико-экономикалық факторлар бойынша

7. Келесі анықтама моральдық тозудың екінші сипаттамасын білдіреді

- A) негізгі қорлардың табиғи процестің әсерінен арзандауы
- B) қолдану барысында негізгі қордың қалдық құнының төмендеуі
- C) арзан бағада ұқсас машина мен техника шығуына қарай арзандауы
- D) қолдану барысында негізгі қордың бастапқы құнынан айырыла бастауы
- E) тиімділігі мен пайдалылығы жоғары техникалардың шығуына байланысты бағаның түсуі

8. Айналымдағы құралдардың нормативтенуіне келесі көрсеткіштер қолданылады

- A) қор қайтарымы
- B) материал көлемі
- C) бір күндік қор көлемі
- D) бір өнімнің орташа құны
- E) дайын өнімді бір күндік шығарым көлемі

9. Қор қайтарым көрсеткіші сипаттайды

- A) құрылғының өнімдік деңгейін
- B) айналым құралдарының айналым санын
- C) еңбектің техникалық қамтамасыз етілу деңгейін
- D) сатылған өнімнің 1 теңгесіне шаққанда негізгі қордың шығынының көлемін
- E) негізгі қорларды пайдалану тиімділігін сипаттайды

10. Айналымдағы құралдың айналыс кезеңі сипаттайды

- A) толық айналым болатын күндер саны
- B) айналым құралдарының орташа жылдамдығы
- C) айналым құралдарының сатып алу мен өндіру стадияларында болуы
- D) кәсіпорынның негізгі құралдарының толық жаңару уақыты
- E) айналымдағы негізгі құралдардың аяқталмаған өндірісте немесе қорда болу кезеңі

11. Өндірістік қорда тұрған айналым құралдарын нормалауда қолданылмайды

- A) көлік қоры
- B) ағымдағы қор
- C) сақтандыру қоры
- D) материалға деген күндік қажеттілік
- E) дайын өнім партиясын жөнелту уақыты

12. Анықталған мамандандырылған жұмысшылар құрамы немесе белгіленген жұмысшылар саны

- A) өндіру нормасы
- B) санының нормасы
- C) басқарылу нормасы
- D) тапсырма нормалары
- E) қызмет көрсету нормасы

13. Кәсіпорында ұзақ мерзімді, орташа және қысқа мерзімді жоспарлар болуы керек деген жоспарлау принципі

- A) ғылымилық
- B) жоспарлау үздіксіздігі
- C) негізгі звено және оларды өткізу принципі
- D) өзара байланыс пен координация принципі
- E) кәсіпорында ресурстарды тиімді қолдану принципі

14. Өз ісіңізді тиімді қызметі мен кіммен ұйымдастырасыз деген сұраққа жауап беретін бизнес жоспар бөлімі

- A) өндіріс жоспары
- B) қаржылық жоспар
- C) маркетинг жоспары
- D) ұйымдастыру жоспары
- E) сату нарығының жоспары

15. Бір немесе бір топ жұмысшылардың белгілі жағдайда уақыт бірлігінде даярлайтын өнімнің саны еңбек нормаларының келесі түріне тән құбылыс

- A) уақыт нормасы
- B) қызмет көрсету нормасы
- C) жұмысшылар сан нормасы
- D) нормалық тапсырма
- E) өндіріс нормасы

16. Уақыт бірлігінде белгілі бір жағдайда ең үлкен көлемде шығарылатын өнімдердің мүмкінділікті есептеу көлемі

- A) өндіріс көлемі
- B) өндірістік қуаттылық
- C) еңбек өнімділігі
- D) өндіріс өнімділігі
- E) рентабельділік

17. Кадрлардың тұрақсыздығы коэффициенті

- A) белгілі бір кезеңде жұмысқа қабылданғандар саны/осы кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
- B) белгілі бір кезеңде жұмыстан шыққандар саны/осы кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
- C) кадрлардың тұрақсыздығы себебінен жұмыстан шыққан қызметкерлер саны/орташа тізімдік сан
- D) бір айдағы күнтізбелік күндер саны/ кәсіпорын жұмысшыларының саны
- E) бір айдың әр күніндегі жұмыскерлердің тізімдік санының қосындысы/ бір айдағы күнтізбелік күндер саны

18. Шығу бойынша айналым коэффициенті

- A) белгілі бір кезеңде жұмысқа қабылданғандар саны/осы кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
- B) белгілі бір кезеңде жұмыстан шыққандар саны/осы кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
- C) кадрлардың тұрақсыздығы себебінен жұмыстан шыққан қызметкерлер саны/орташа тізімдік сан
- D) бір айдағы күнтізбелік күндер саны/ кәсіпорын жұмысшыларының саны
- E) бір айдың әр күніндегі жұмыскерлердің тізімдік санының қосындысы/ бір айдағы күнтізбелік күндер саны

19. Қабылдау бойынша айналым коэффициенті

- A) белгілі бір кезеңде жұмысқа қабылданғандар саны/осы кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
- B) белгілі бір кезеңде жұмыстан шыққандар саны/осы кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
- C) кадрлардың тұрақсыздығы себебінен жұмыстан шыққан қызметкерлер саны/орташа тізімдік сан
- D) бір айдағы күнтізбелік күндер саны/ кәсіпорынның барлық жұмысшылар саны
- E) бір айдың әр күніндегі жұмыскерлердің тізімдік санының қосындысы/ бір айдағы күнтізбелік күндер саны



20. Әртүрлі өндіріс өнімдерін шығару үшін пайдаланылған еңбек заттарының жиынтығы түрінде болатын материалдық ресурстар

- A) өнделмеген шикізат
- B) негізгі материалдар
- C) еңбек ресурстары
- D) материалдық емес активтер
- E) шикізат ресурстары

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Өнім бірлігіне кететін тұрақты шығындар

- A) орташа нөлдік жиынтық шығындар
- B) орташа бірінші жиынтық шығындар
- C) орташа екінші жиынтық шығындар
- D) орташа тұрақты жиынтық шығындар
- E) орташа айнымалы жиынтық шығындар
- F) орташа жалпы жиынтық шығындар
- G) орташа үшінші жиынтық шығындар
- H) орташа төртінші жиынтық шығындар

22. Өнім бірлігіне кететін айнымалы шығындар

- A) орташа нөлдік жиынтық шығындар
- B) орташа бірінші жиынтық шығындар
- C) орташа екінші жиынтық шығындар
- D) орташа тұрақты жиынтық шығындар
- E) орташа айнымалы жиынтық шығындар
- F) орташа жалпы жиынтық шығындар
- G) орташа үшінші жиынтық шығындар
- H) орташа төртінші жиынтық шығындар

23. Жеке табыс салығының пайыздық мөлшерлемесі

- A) 11 пайыз
- B) 12 пайыз
- C) 5 пайыз
- D) 6 пайыз
- E) 10 пайыз
- F) 20 пайыз
- G) 15 пайыз
- H) 1 пайыз

24. Салық Кодексіне сәйкес әлеуметтік салықты төлеушілер

- A) жеке кәсіпкерлер
- B) жеке меншікті нотариустар, адвокаттар
- C) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары
- D) бала бақша балалары
- E) оқушылар
- F) балалар
- G) студенттер
- H) зейнеткерлер

25. Бағаны түрлендіру түрлері

- A) үстеме баға және жеңілдік жүйесі
- B) бағаны төмендету
- C) ұсынылған баға бойынша өнім ассортиментінің сатылуының төмендеуі
- D) биржалы баға
- E) келісілген баға
- F) басқару бағасы
- G) қамтамасыз ету бағасы
- H) жоспарлы баға

26. Бекітілген келісімге сәйкес, тауарлардың сатылуын жүзеге асыратын баға

- A) кесімді
- B) аукционды
- C) заңды
- D) биржалы
- E) келісілген
- F) тұрақты
- G) ағымдағы
- H) нарықтағы

27. Саудамен тікелей байланысты бағаның ерекше түрлері

- A) баға
- B) аукционды
- C) заңдылық
- D) биржалы
- E) келісілген
- F) басқару
- G) қамтамасыз ету
- H) жақсарту

28. Сапа жүйесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары

- A) сәйкестік, құжаттандыру
- B) жекелік, бақылауға алыну
- C) кешенділік, заңдылық
- D) пайдалану, сәйкестік
- E) үстемелі, бақылауға алыну
- F) басқару және жоспарлау
- G) қамтамасыз ету, заңдылық
- H) жақсарту, кешенділік

29. Бағаны қалыптастырудың шығындық әдістеріне кіретіндер

- A) үстеме баға әдісі
- B) толық шығындар әдісі
- C) стандартты шығындар әдісі
- D) биржалы баға әдісі
- E) келісілген баға әдісі
- F) басқару баға әдісі
- G) қамтамасыз ету баға әдісі
- H) жоспарлы баға әдісі

30. Кесімді –үдемелі еңбекке ақы төлеу жүйесін оңтайлы пайдаланудың негізгі шарттары

- A) берілген жүйеге сәйкес ақы төленетін жұмыстар аумағын өз бетінше кеңейтуге жол бермей, өндірістік төлемдерге пайдалану
- B) әр жұмысшының іс жүзінде атқарған жұмыс уақытын дәл есептеп, қосымша төлемдерді қосу
- C) өнімнің өзіндік құнын өсірмеу үшін берілген жүйені қолдануды экономикалық тұрғыдан негіздеу
- D) өнімнің өзіндік құнын өсіру үшін берілген жүйені қолдануды экономикалық тұрғыдан негіздеу
- E) әр жұмысшының атқарған жұмыс уақытын қосып қарастыру, қосымша төлемдерді алып тастау
- F) берілген жүйеге сәйкес ақы төленетін жұмыстар аумағын өз бетінше кеңейтуге жол беру
- G) өнімнің өзіндік құнын өсіру
- H) әр жұмысшының іс жүзінде атқарған жұмыс уақыты

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Кәсіпорынның шаруашылық саясатының экономикалық тетігінің әр түрлі көрсеткіштерінің ішінде маңызды орынды оның барлық экономикалық іс-әрекетін жан-жақты көрсететін баға мен бағаның түзілуі алады. Баға - өндіруге, бөлуге, алмастыруға және тұтынуға тікелей ықпал етеді. Нарықтық қатынастар жағдайында баға сұраныс пен ұсыныстың тепе –теңдігін қамтамасыз ететін тетік ретінде өндіруші мен тұтынушының арасындағы байланыстырушы бөлік болып табылады.

31. Нарықтық экономика жағдайында бағаның екі түрі әрекет етеді

- A) жай және реттелетін
- B) күрделі және еркін
- C) артықшылығы бар және еркін
- D) еркін және реттелетін
- E) дивидент және реттелетін

32. Бағаның бөлу функциясының мазмұны

- A) өнімді өндіру мен сатуды және өндіріс шығындары мен нәтижелерін бағалайды
- B) өндіріс тиімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту жаңа технологияны өндіру үшін қолданылады
- C) тауардың жекелеген түрлерін, акцизді, таза табысты қарастырады
- D) тепе-теңдікті қамтамасыз етеді
- E) венчур бойынша жұмыс жасайды

33. Бағаның есепке алу функциясының сипаттамасы

- A) өнімді өндіру мен сатуға және өндіріс шығындары мен нәтижелері бағалаланады
- B) өндіріс тиімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту жаңа технологияны енгізу үшін қолданылады
- C) тауардың жекелеген түрлерін, акцизді және т.б таза табысты қарастырады
- D) тепе-теңдікті қамтамасыз етеді
- E) венчур бойынша жұмыс жасайды

34. Бағаның ынталандырушы функциясының мазмұны

- A) өнімді өндіруге, сатуға қатысады және өндіріс шығындары мен нәтижелерін бағалайды
- B) өндіріс тиімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту және жаңа технологияны енгізу үшін қолданылады
- C) тауардың жекелеген түрлерін, акцизді, таза табысты қарастырады
- D) тепе-теңдікті қамтамасыз етеді
- E) венчур бойынша жұмыс жасайды

35. Бағаның әр түрлі экономикалық белгілері бойынша жіктелуі

- A) реттелу деңгейі және айналымдағы қызметіне қарай
- B) ұсыныс деңгейі және айналымдағы қызметіне қарай
- C) сұраныс деңгейі және ұсыну қызметіне қарай
- D) ұсыныс деңгейі және сұраныс қызметіне қарай
- E) табыс деңгейі және реттеу қызметіне қарай

### ***2-жағдаят***

#### ***Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма***

Акционерлік қоғам базалық жылда бір қарапайым акция үшін 60 теңге төледі делік. Акционер өткен жылдардың статистикасы негізінде келешекте дивидендтің норма бойынша 12 пайызға өсуін күтеді. Ол талап етілген деңгей (P) 20 пайызды құрайды. Акция түрлеріне байланысты дивидент мөлшері төленеді.

36. Компанияның акционерлік кітабына жазылған тұлғалар ғана оларды ұстаушылар болып табылады, сатылған кезде олар міндетті түрде тіркеледі

- A) жай
- B) күрделі
- C) артықшылығы бар
- D) атаулы акциялар
- E) дивидент

37. Акционерге АҚ табысы сомасынан тәуелсіз қатаң бекітілген пайыз мөлшерінде дивиденд алуға құқық беретін акция

- A) жай
- B) күрделі
- C) артықшылығы бар
- D) табыстық
- E) дивидент

38. АҚ табысына сай иесіне дивиденд алуға, басқаруға қатысуға және кәсіпорын жойылса мүлікті алуға құқық беретін акция

- A) жай
- B) күрделі
- C) артықшылығы бар
- D) табыстық
- E) дивидент

39. Акция дивидендтерін төлеу және мөлшерін анықтау бойынша бөлінуі

- A) күрделі және артықшылығы бар
- B) жай және артықшылығы бар
- C) жай және күрделі
- D) жай және табысты
- E) венчур және артықшылығы бар

40. Акция құнының сомасы

- A) 840 теңге
- B) 500 теңге
- C) 600 теңге
- D) 780 теңге
- E) 950 теңге

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***